

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын оңтайландыру мәселелері бойынша комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2019 жылғы 29 қазандағы № 199-ө өкімі

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын оңтайландыру мәселелері бойынша комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын оңтайландыру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуді іске асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын оңтайландыру мәселелері бойынша комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.
2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
3. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі болып табылады.
4. Комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2. Комиссияның міндеттері

5. Комиссияның негізгі міндеттері:
 - 1) жоғары білімі бар кадрларды даярлау сапасын арттыру;
 - 2) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын оңтайландыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

6. Комиссия жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.